



**«Күй шебері – 2026»  
облыстық конкурсын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**VI. Конкурстың жалпы ережелері**

Осы Ереже «Күй шебері – 2026» облыстық конкурсының мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырылуын және өткізілу тәртібін айқындайды.

**VII. Конкурсты ұйымдастырушылар**

Конкурсты Павлодар облысының білім беру басқармасы және М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы өткізеді.

**VIII. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері:**

- Дарынды оқушыларды анықтау және қолдау көрсету;
- Жас музыканттардың орындаушылық шеберлігі мен кәсіби деңгейін арттыру;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және эстетикалық талғамын жетілдіру;
- Музыкалық білім беру жүйесіндегі озық тәжірибелерді тарату;
- Қазақтың халықтық күй өнерін насихаттау, дәріптеу және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу;
- Жас таланттарды анықтау және оларға сахналық тәжірибе беру;
- Оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасау;
- Педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру және жандандыру;
- Белсенді жас орындаушылар арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау;
- Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

**IX. Конкурса қатысушылар**

Конкурсқа жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының құрамында **5 және одан да көп адамнан тұратын домбыра ансамбльдері** қатысады.

Музыкалық мектептердің, музыкалық колледждердің және мамандандырылған мектептердің оқушылары мен студенттерінің қатысуына **жол берілмейді**.

Домбыра ансамблінің құрамына ұжым жетекшісінің немесе концертмейстердің (бір педагог) қатысуына рұқсат етіледі.

Қатысушылардың жас ерекшелігі — аралас.

## **X. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі**

«Күй шебері – 2026» облыстық конкурсына жалпы білім беретін мектептен және қосымша білім беру ұйымынан **тек бір ғана домбыра ұжымы** қатыса алады.

Домбыра ансамблі **екі музыкалық шығарма** дайындауы тиіс: күй, шығарма.  
Ән репертуарын орындауға **рұқсат етілмейді**.

## **XI. Бағалау критерийлері:**

- Орындаушылық шеберлік;
- Артистизм;
- Қолды дұрыс қою техникасы;
- Сахналық бейне;
- Орындау мәнерлілігі.

## **XII. Конкурс шарттары**

Конкурсқа қатысу үшін 2026 жылғы **16 ақпанға дейін** мекеме басшысы қол қойған қатысуға өтінім және бұйрық электрондық пошта арқылы жолданады.

Өтінім мен қатысу туралы бұйрық М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының ұйымдастыру комитеті тарапынан қабылданады.

Мекенжайы: Павлодар қ., Мәшһүр Жүсіп көшесі, 27, 342-кабинет.

Байланыс телефондары: 32-85-09, 8-771-999-44-13  
Электрондық пошта: **hud\_otdel2018@mail.ru**

## Өтінім үлгісі

Мекеменің, ұйымның атауы	Қала / аудан, облыс	Ансамбль құрамының саны	Қатысуға ұсынылатын шығармалардың атауы	Жетекшінің Т.А.Ә.	Жетекшінің байланыс телефоны

### XIII. Өткізу мерзімі мен орны

2026 жылғы 17 ақпан, сағат 10:00-ден 14:00-ге дейін  
М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы

### XIV. Конкурстың қазылар алқасы

Қатысушылардың өнерін бағалау және жеңімпаздарды анықтау мақсатында облыстық Оқушылар сарайының, балалар музыка мектептерінің педагогтері мен білім беру және мәдениет саласының мамандарынан құралған қазылар алқасы құрылады.

Қазылар алқасының құрамы және оған енгізілетін өзгерістер ұйымдастыру комитеті тарапынан айқындалады.

Қазылар алқасының шешімі хаттамаға енгізіледі, түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

### XV. Марапаттау

Жеңімпаздар Гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

«Күй шебері – 2026» облыстық конкурсының қорытындылары туралы ақпарат 2026 жылғы 19 ақпанда [Dvorec-pavlodar@yandex](mailto:Dvorec-pavlodar@yandex) облыстық Оқушылар сарайының сайтында орналастырылады.

Аталған конкурс Павлодар облысы білім беру басқармасының бұйрығына сәйкес аттестаттаудан өтетін педагогтерге арналған «Ұстаз» платформасында облыстық іс-шаралар тізіліміне енгізілген.